ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ЕМБІ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП
ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ БАР
№7 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА
МЕКТЕБІ» КММ
БҰЙРЫҚ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №7 С ПРИШКОЛЬНЫМ
ИНТЕРНАТОМ ГОРОДА ЭМБА»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
МУГАЛЖАРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

031300, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, ф 22-1-45; тел:22-6-45; e mail:mushkata7sh
031300, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, ф 22-1-45; тел: 22-6-45; e-mail:mushkata7sh

«17 » қараша 2022жыл № 155-1

**«Қоғамға қызмет» еріктілер клубын құру туралы**

**Бұйырамын:**

1. Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ 2022-2023 оқу жылында «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы құрылсын.
2. Клуб жетекшісі болып аға тәлімгер Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы бекітілсін.
3. Клубтың іс-шара жоспары құрылып, жоспардың орындалуы клуб жетекшісі аға тәлімгер Әлниязова Балнұр Бауыржанқызына жүктелсін.
4. «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының құрамы төмендегідей бекітілсін:

1. Ыбраш Мұрат—10 б
2. Ерланова Гүлсана-10 б
3. Саламатов Әсет-10а
4. Қонысова Мөлдір- 10а
5. Хайрулла Гаухар-10 б
6. Керімбердина Гүлназ- 9 б
7. Айсұлтан Анель- 9 б
8. Анапина Ақниет- 9 а
9. Алмағанбет Қарахат- 9 б
10. Абдигилимов Алихан -9а
11. Рахман Адина- 8 а
12. Алмағанбет Самал- 8а
13. Баешов Мирбол- 8б
14. Баймырза Нұрсана- 8б

Ембі қаласының мектеп жанындағы
интернаты бар №7 ЖББОМ директоры: А.Ж.Достанова

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ

Бекітемін:
Мектеп директоры:_________А.Ж Достанова
«01» 09.2022 жыл

# «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының 2022-2023 оқу жылына арналған тәлімгердің жылдық жоспары.

Аға тәлімгер: Әлниязова Б.Б.

**«Қоғамға қызмет» еріктілер клубының мақсаты:**

- Жеке және заңды тұлғаларға көмек көрсету, азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау және сақтау, дене шынықтыруды және спортты дамыту, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттар;
- Қоғамда азаматтық ұстанымды, өзін-өзі ұйымдастыруды, әлеуметтік жауапкершілік, ынтымақ, өзара көмек және мейірімділік сезімін қалыптастыру болып табылады.

**«Қоғамға қызмет» еріктілер клубының міндеттері:**

- Қоғамға әлеуметтік міндеттерді шешуге көмектесу;
- Волонтерлік қызметті ұйымдастыруға бағытталған азаматтық бастамаларды дамыту және қолдау;
- Халықтың әртүрлі нысаналы топтарымен және санаттарымен өзара іс-қимыл жасауда волонтерлік қызметтің рөлін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;
- Волонтерлер топтарын – жоба іс-шараларын орындаушыларды жасақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

- Оқушының бойындағы көшбасшылық қабілетінің дамуы ;
- Еріктілердің бойында салауатты өмір – салтын сақтау әрекетін қалыптастыру;
- Әрбір оқушының тәрбиелік деңгейінің көтерілуі,  жеке тұлға болып өсуі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Жақсылық жасауға асық»** челлендж | Қыркүйек | Челлендж | Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы |
| 2 | Қарттар күніне **«Қарттарға құрмет-ұрпақ парызы»** акциясы | Қазан | Қайырымдылық іс - шара | Клуб мүшелері |
| 3 | **«Адамның адамгершілігі-жақсы ұстаздан»** мектеп ұстаздарын құттықтау | Қазан | Бейнеролик | Клуб мүшелері |
| 4 | **«Жүрегім толы мейірім»** акциясы | Қараша | Қайырыммдылық іс - шара | Клуб мүшелері |
| 5 | **«Тұғыры биік– Тәуелсіздік!»** | Желтоқсан | Дөңгелек үстел | Клуб жетекшісі, Клуб мүшелері |
| 6 | **«Волонтер болу – ерлік!»** жыл қорытындысы | Желтоқсан | Іс -шара | Клуб жетекшісі Клуб мүшелері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Волонтер қызметін дамыту және іске асыру жөнінде жоспар әзірлеу, бекіту | Қаңтар | Клуб құру | Әлниязова Балнұр БАуыржанқызы |
| 8 | **«Мен еріктілер қатарындамын»** жаңа волонтер жастарды қатарға қосу | Қаңтар | Кездесу | Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы |
| 9 | **«Қоғамға қызмет»** волонтерлар клубының бұрышын құру | Ақпан | Бұрыш ашу | Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы |
| 10 | **«Birgemiz: Qamqor»**Жалғызбасты қарт ата-әжелердің үйлерінің ауласын қардан тазалау | Ақпан, Наурыз | Бейнеролик | Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы |
| 11 | **«Қоғамға қызмет»** волонтерлар клубының отырысы | Тоқсанына 1 рет | Отырыс өткізу | Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы |
| 12 | **«Ұлттық тағамдар»** акциясы | Наурыз | Акция | Клуб мүшелері |
| 13 | **«Құстарға ұя жасайық»** құстарға ұя және жемсауыт дайындау | Наурыз | Челендж | Клуб мүшелері |
| 14 | **«Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күні»** мектеп ауласына ағаш егу | Сәуір | Акция | Клуб мүшелері |
| 15 | **«Жақсылық жасап жарысайық»** волонтердың бір күні челендж | Сәуір | Бейнеролик | Клуб мүшелері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | **«Қайырымдылық шеруі»** патриоттық акциясы (ҰОС ардагерлеріне, жергілікті соғыстарға қатысушыларға көңіл бөлу) | Мамыр | Бейнеролик | Клуб мүшелері |
| 17 | **«Birgemiz: Taza Alem »** мектеп аумағын қоқыстан тазарту | Мамыр | Бейнеролик | Клуб мүшелері<br>Әлниязова Балнұр Бауыржанқызы |

## «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ»КММ-нің 2022-2023 оқу жылында «Қоғамға қызмет» еріктілер ұйымымен жүргізілген жұмыстар

Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ – қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде қазақтың әрбір үйінен отбасы мүшелеріне ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ғанибет. Жастары егде тартқан шақта қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, жетілдірген ұл-қыздары қас-қабағына қарап, немерелері қойнына тығылып, мойнына асылып жатса еңбектерінің ақталғаны емес пе?

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар #7 ЖББОМ "Жас Ұлан" және " Жас Қыран " ұйымының оқушылары және тәлімгер Балнұр Бауыржанқызының ұйымдастыруымен 26 қазан күні "Қарттар күніне" орай зейнеткер Дымко Галина әжейді мерекесімен құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп,мерекелік сыйлық табыстады. Сонымен қатар оқушылар ардагердің ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CjF5KIYoP5D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=



Мұғалжар аудандық білім бөлімінің #1892 шығыс хатын негізге ала отырып 25-қазан Республика күнін мерекелеуге байланысты «Қоғамға қызмет» ұйымының оқушылары “Жанашыр жүрек” қайырымдылық акциясын өткізді.

https://www.instagram.com/reel/CkAUBL-oMOd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар #7 ЖББО мектебінде 10 қаңтар мен 10 ақпан айлары аралығындағы "Қамқорлық" қайырымдылық акциясы аясында аға тәлімгер Айғаным Еркінқызының ұйымдастыруымен "Жүректен- жүрекке" атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cn_YuV9oLw3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA—

«Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының жоспарына сәйкес қаңтар айында волонтерлар қызметін дамыту және іске асыру жөнінде жоспар әзірленіп, мектеп директоры А.Ж. Достановамен бекітілді. «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының бұрышы жасақталды. «Мен еріктілер қатарындамын» тақырыбында жаңа волонтер жастарды қатарға қосу мақсатында волонтерлар отырысы ұйымдастырылды. Кездесу барысында клуб мүшесі Ибатов Нұрсаят 2022 жылда өткізілген іс-шараларды баяндады. Тәлімгер Тажибаева А алдағы өткізілітен қайырымдылық жұмыстарымен таныстырып, оқушыларға сәттілік тіледі.





«Қоғамға қызмет» еріктілер тобы ақпан айында күні зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздың ауласын қардан тазалап, жол ашуға көмектесті. Ардагер ұстаз волонтерларға өзінің батасын беріп, алғысын жеткізді.






«Қоғамға қызмет» еріктілері наурыз айының 17 күні «Ұлттық тағамдар»күнің ұйымдастырды. Барлық сыныптарда өткізілетін тәрбие сағатында оқушылар үйлерінен өздері жасаған ұлттық тағамдарды әкеліп, дастархан жайды. «Ұлттық тағамдар» акциясының мақсаты -қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшелігі мен құндылығын, қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу, тағамдардың жасалу жолдарына түсініктер беру.







Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес "Біз - бақытты елдің балаларымыз" тақырыбындағы аудандық фестивальінің жоспарына сәйкес "Жақсылық жасап жарысайық" шарасы бойынша "Қоғамға қызмет" еріктілер клубы мектебіміздің ұстаздарына ауыз су, құрма және Ораза кестесін таратты.
Баршаңызды қасиетті Рамазан айының келуімен құттықтаймыз.
https://www.instagram.com/reel/CqnFr48Aous/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес "Біз - бақытты елдің балаларымыз" тақырыбындағы аудандық фестивальінің жоспарына сәйкес мектеп жанынан құрылған "Қоғамға қызмет" еріктілер клубы "Жақсылық жасап жарысайық" шарасы бойынша ардагер ұстаздың үйіне барып, ауласын тазарту жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/p/Cq4lN8oowrb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



Қасиетті қара жердің қадірін тайраңдап жүру үшін ғана емес, таянып тұру үшін де сақтау – ең жауапты міндет екенін ұмытпағанымыз жөн. Өмірде өзектілігін де, қажеттілігін де жоғалтпайтын екі ереже бар. Ол – тәртіп пен тазалық.Қала келбеті тек сәнді де сәулетті үйлермен, жасыл желекті саябақтармен өлшенбейді. Күн сайын көркейіп келе жатқан қаламыздың ажары оның тазалығына да байланысты. Қаланың таза, әдемі әрі жасыл желекке оранып тұруы әрбір адамның сүйіспеншілігі мен жанашырлығын қажет етеді.
Осы міндеттерді орындау мақсатында Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес "Біз бақытты елдің балаларымыз" тақырыбындағы фестиваль аясында

ұйымдастырылып отырған "Жақсылық жасап жарысайық" челленджіне қатысушы №7 ЖББОМ еріктілер командасы қаламыздың орталығында орналасқан "Тәуелсіздік" саябағына барып тазалық жұмыстарын жүргізді.
Атап айтсақ, гүл егіп, орындықтарды, ескерткіштерді,қоқыс салатын жәшіктерді әктеп,сырлап, саябақ ауласын қоқыстардан тазартты.
https://www.instagram.com/reel/CsO1orMoLul/?utm_source=ig_web_copy_link



Мұғалжар аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген "Біз бақытты елдің балаларымыз" аудандық фестиваль қорытындысы бойынша мектебіміз төмендегідей шаралар бойынша үздіктер қатарынан көрінді:
"Жақсылық жасап жарысайық" жобасы бойынша бас жүлде.
"Қоғамға қызмет еріктілер тобы."

